




**Автор:** Мукашева Бизада Жаксылыковна  
**Пән:** Қазақ әдебиеті  
**Сынып:** 7-сынып  
**Бөлім:** Балалар мен үлкендер  
**Тақырып:** Мұхтар Әуезовтің "Көксерек"әңгімесі

|   |  |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 7.1.1.1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін талдай отырып, кейіпкерлерге мінездеме беру.   |
| Сабақтың мақсаты:                             | <i>Барлық оқушылар орындай алады:</i> әңгімені түсінеді,сюжеттік желісі бойынша баяндайды, бейтаныс сөздердің мағынасын ажыратады.<br><i>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</i> композициялық құрылымына талдау жасайды, мазмұндайды, талдайды.<br><i>Кейбір оқушылар орындай алады:</i> әдеби шығармасюжетінің құрамдас бөлшектерін салыстырып, дәлелдейді. |
| Тілдік мақсаттар:                             | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: итмұрын, шірет,қаншық, пішен, шылапшын, тұрқы, шағырмақ, жүзіқара, сам,итаяқ,көкжал.   |
| Күтілетін нәтиже:                             | Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып,оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау   |
| Бағалау критерийлері:                         | <ul style="list-style-type: none"><li>•әңгімені мазмұндап,сөздердің мағынасын ажыратады;</li><li>•композициялық құрылымына талдау жасай алады;</li><li>•әңгіменің сюжетіне байланысты берілген сұрақтарға топта графикалық органиайзерлер дайындайды;</li><li>•көркем шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін салыстырып дәлелдейді.</li></ul>                   |
| Құндылықтарды дарыту:                         | "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының алтыншы тармағы- "Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы" шығарманы оқыту барысында ішінара жүзеге асады.   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пай-далану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.  |
| Пәнаралық байланыс:                           | Тарих, этнография.   |
| Бастапқы білім:                               | М. Әуезов шығармашылығы  |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|

|                                     |  |  |
|-------------------------------------|--|--|
| <p>Сабақтың басы<br/>(7 мин)</p>    | <p>Үй тапсырмасын сұрау. «Иә – жоқ» әдісі бойынша өткен тақырыпқа байланысты сұрақтарға тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Қызығушылықты ояту.«Лента» әдісі бойынша топқа бөлінеді.Оқушыларға қасқырларға байланысты мақал– мәтелдер беріледі.</p>  | <p>Image not found or type unknown</p>    |
| <p>Сабақтың ортасы<br/>(25 мин)</p> | <p>Мағынаны тану 1-тапсырма «Стоп кадр» тәсілі. Аудионұсқаны тыңдау арқылы әрі қарай қалай болатынын өз ойларымен өрбітеді. Бағалау критерийі: •Оқулықтан оқығандары бойынша өз бетімен сипаттайды. 3 - тапсырма (6 мин) «Кластер» әдісі арқылы шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру. □ Құрмаш □ Әжесі □ Ауыл адамдары</p> | <p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adeb-synyp/lesson/muxtar-aezov-kokserek-ang">https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adeb-synyp/lesson/muxtar-aezov-kokserek-ang</a></p> |
| <p>Сабақтың соңы<br/>(5 мин)</p>    | <p>"Өрмекші торы" әдісі арқылы сабақты бекітеді. (5 мин) Оқушылар жіпті бір-біріне лақтыру арқылы сұрақ қояды, өрмекшінің торын жасайды.</p>   | <p>Жіп</p>   |
| <p>Рефлексия<br/>(3 мин)</p>        | <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы рефлексия жасайды.Сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазады.</p>   | <p>Стикерлер</p>   |